

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Жалпы патофизиология кафедрасы

ЛИПИДТЕР АЛМАСУЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ. СЕМІРУ

ТОБЫ: ЖМ16 013-2

ОРЫНДАҒАН: ЖАНДЫЛДА А.К.

ҚАБЫЛДАҒАН: САҒАТБАЕВА Н.А.

Алматы 2018

ЖОСПАР:

- Липид алмасуының бұзылыстары;
- Семіру;
- Семірудің түрлері;
- Семірудің алдын-алу және емдеу;
- Асқыну белгілері;
- Қорытынды.

Липидтер – организмнің көптеген биологиялық қызметін атқаратын химиялық классқа жататын органикалық қосындылар.

Организмде май алмасуларының бұзылыстары мына жағдайларда байқалады:

- Ішектерде майлардың ыдырауы мен сіңірілуінің бұзылыстарынан;
- Майлардың тасымалдануы мен қаннан тінге ауысуының бұзылыстарынан;
- Майлардың аралық алмасуларының бұзылыстарынан;
- Май тінінде майлардың алмасуы бұзылыстарынан.

Семіру – организмде үшглицеридтердің тым артық жиналып қалуымен көрінетін дерттік жағдай.

Семіру барлық зат алмасу бұзылыстарының ішінде ең жиі кездесетіні. Ересек адамдардың 30%-дан 60%-ға дейіні артық салмағымен көзге түседі. Әйелдердің арасында семіздік ерлерге қарағанда үш есе жиі кездеседі. Жастардың арасында семірудің жиілеп бара жатқаны назар аудартады. Мәселен, 33% ер адамдардың және 45% әйелдердің арасында семіру 20-35 жас аралығында кездеседі.



СЕМІРУДІҢ ТҮРЛЕРІ:

- Біріншілік семіру
- Салдарлық семіру
- Гипертрофиялық семіру
- Гиперплазиялық семіру
- Андроидтық семіру
- Гиноидтық семіру
- Араласқан семіру



БІРІНШІЛІК СЕМІРУ

Біріншілік семірудің негізінде липостаздық жүйенің шеткері май тіні мен гипоталамустың арасындағы өзара қатынастардың бұзылуы маңызды орын алады. 1994 ж Дж. Скотт «тоқтық» жағдайда адипоциттер пептидтік гормон – **лептин** өндіретінін ашты. Лептиннің әсерінен аштық сезімі орталығында **нейропептид V** өндірілуі азаяды. Бұл нейропептид:

- Аштық сезімін туындатып, тәбеттің ашылуына әкеледі;
- Кейбір эндокриндік бездердің гипофиз арқылы және гипофизден тыс реттелулеріне қатысады;
- Инсулин өндірілуін арттырады;
- Тамақ қабылдауға түрткі болады;
- Адипоциттерде май жиналуына әкеледі.

САЛДАРЛЫҚ СЕМІРУ


Жүйкелік-эндокриндік бұзылыстардың дамуы нәтижесінде байқалатын семіруледі **салдарлық семіру** дейді. Қазіргі күні оны май тінінде өндірілетін лептиннің немесе лептинді қабылдайтын гипоталамустағы рецепторлардың жеткіліксіздіктері мен байланысты емес семіру деуге болады.

Орталықтық семіру
Гипоталамустық-гипофиздік

Шеткерілік семіру
Басқа эндокриндік бездердің қызметтерінің бұзылыстары

ГИПЕРТРОФИЯЛЫҚ СЕМІРУ

Май жасушаларының жалпы саны өзгермей олардың іштеріндегі май тамшыларының көлемі ұлғайып кетуімен көрінеді. Қалыпты жағдайда олардың көлемі 0,3 мкл шамасында болса, гипертрофиясы кезінде 1,0 мкл-ге дейін ұлғаяды. Содан адипоциттердің көлденең диаметрі үлкейеді.




ГИПЕРПЛАЗИЯЛЫҚ СЕМІРУ

Май жасушаларының жалпы саны қалыптыдан көбейіп кетуімен көрінеді. Бұл кезде дене салмағы өте үлкен мөлшерлерге жетуі мүмкін. Семірудің бұл түрі гипертрофиялық түріне қарағанда тым ерте жаста байқалады. Ол іштегі бала туылмай тұрып және емшектегі балалық шақ кездерінде кездесуі ықтимал. Бұл түрі дамуында тұқымқуалаушылықтың маңызы өте зор. Семірудің гиперплазиялық түрі ересек адамдарда да кездеседі. Жас балалардағы гиперплазиялық семіруге жүкті әйелдердің қантты диабетпен сырқаттануы, олардың тым артық тамақ ішулері, балаларды тым артық қоректендіру және т.б. жағдайлар әкеледі.

АНДРОИДТЫҚ СЕМІРУ

- Майдың дененің жоғарғы бөліктеріне, іште және іш құрылыстарында жиналуы. Ол еркектерге тән семіру.



ГИНОИДТЫҚ СЕМІРУ

Майдың бөкседе, жамбаста, санда және дененің төменгі жақтарында жиналуы, негізінен әйелдерге тән. Өйткені еркектер мен әйелдердің жыныстық гормондары май тінінің әр түрлі бөліктерінде α_2 -катехоламиндік рецепторлардың бөлінуіне әр қилы әсер етеді.

АРАЛАСҚАН СЕМІРУ

Андроидтық және гиноидтық түрлері біріккен түрде кездеседі және андроидтық түрге тән атеросклероз және оның асқынуларына көтеріңкі қауіп-қатер сақталады.



СЕМІРУДІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ

Семірудің алдын-алуда қоректену тәртібін сақтаудың маңызы өте зор. Тамақтың құнарлығын, ондағы ас тұзын, тәтті және ащы тағамдарды шектеп, бөлшектеп, жиі қоректену қажет. Тамақтың құнарлығын күн бойына дұрыс бөлу ерекше маңызды. Тамақпен түсетін энергияның 70%-ы күннің бірінші жартысында, 30%-ы түстен кейінгі астануларға сәйкес келуі керек. Жатар алдындағы астану ұйықтардың алдында 2 сағат бұрын болуы қажет.

Сонымен бірге, гиподинамияны шектеу, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану қажет. Толық адамдарда май алмасуы бұзылуын жөнге келтіру үшін арнайы дәрілер, оның ішінде бүгінгі зерттеліп жатқан лептин, сонымен бірге балық майынан алынған «эйконол» қолданылады. Ол қанда майдың мөлшерін, артериялық қысымды төмендетеді, қан ұюын ретке келтіреді.

АСҚЫНУ БЕЛГІЛЕРІ



Семірген адамдардың қан қысымы көтеріліп және атеросклероз пайда болуы мүмкін. Осы себептерден семіргіш аурудың жүрегі әлсіреп, оның қызметі нашарлайды. Семірген аурулар қомағай келеді. Олардың өтінде тас көбеюі мүмкін, холецистит, панкреатит деген аурулармен ауырғыш келеді, бауыры үлкейеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы алып қарасақ, семіру майдың артық мөлшерде жиналуымен көрінеді. Бұл энергетикалық баланстың ұзақ уақыт бойы бұзылуы нәтижесінде дамиды. Бұл кезде тағаммен түсетін энергия мөлшері оның шығынына қарағанда жоғары, мысалы физикалық жүктеме жеткіліксіз болғанда. Әрине семіруге ықпал ететін маңызды факторларға тағамдық рационда майдың мөлшерінің қалыптан жоғары болуы және гиподинамия жатады. Дененің артық салмағына генетикалық бейімділікті де ескерген жөн. Сонымен қатар, психикалық және нейроэндокриндік факторлар, жасы маңызды рөл атқарады.